

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 қыркүйек N 949

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы 1998 жылдың 15 маусымында Анкарада қол қойылған Келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында туризм саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 6, 99-құжат) (1998 жылғы 18 желтоқсанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж., Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 74 бет)

Бұдан былай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі, екі елдің арасындағы туризмді дамытудың маңыздылығын пайымдай отырып;

туризмнің өзара түсінікті, достықты, нығайтудағы маңызды құрал болып табылатындығына сенім білдіре отырып;

1962 жылы Римде өткен, Халықаралық туризм және саяхат жөніндегі БҰҰ конференциясының ұсыныстарын, 1-ші тамыз 1975 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің Хельсинки Қорытынды Актісі ережелерін, сондай-ақ туризм саласындағы басқа да халықаралық құжаттарды назарға ала отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Тараптар олардың заңдарына, осы Келісімге және өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық келісімдерге сәйкес тең құқық пен өзара мүдделілік принциптері негізінде туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытады және жәрдемдеседі.

2-бап

Тараптар құзыретті органдар, мемлекеттік және жекеменшік ұйымдар арасындағы тығыз ынтымақтастықты қолдайтын болады, ұйымдасқан және жеке туризмді, үшінші елдерден келген туристердің туларын көтермелейтін болады.

3-бап

Тараптар туризм жөніндегі бірлескен семинарларды, мәжілістерді, көрмелерді және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруды, Қазақстан және Түрік Апталықтарын өзара өткізуді көтермелейтін болады.

4-бап

Тараптар төмендегі мәселелер жөніндегі білім және тәжірибе алмасуды жүргізу мақсатында ұлттық туристік ұйымдарды көтермелейді және қолдау көрсететін болады.

О л а р :

- екі елдегі туристік қызметке қатысты ұлттық заңдар мен нормативті-құқықтық а к т і л е р ;
- туризм саласындағы мәліметтер мен статистикалық деректер;
 - т у р л а р д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;
- туристерге қызмет көрсететін, қонақ үйлер мен басқа да туристік мекемелер;
 - т у р и з м н і ң т ү р л е р і ;
- жарнама және маркетинг техникасы.

5-бап

Тараптар жеке келісімдер жасау жолымен туризм саласында мамандарды, қызметкерлерді және қызмет көрсетудің барлық буындарында тәжірибе алмасуды көтермелейтін болады.

6-бап

Тараптар туризм секторында жұмыс істейтін қызметкерлерді даярлау және оқыту мақсатында құзыретті органдар арқылы техникалық ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерттейтін болады және осы мәселе бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыруды көтермелейді.

7-бап

Тараптар екі елдің туризм саласындағы қазіргі инвестициялық мүмкіндіктерін бірлесіп зерттеу мақсатында тұрақты ақпарат ағынын қамтамасыз етеді және оны құзыретті органдар мен тиісті ұйымдар арқылы туристік индустрияға мәлімет үшін жеткізіп отырады.

8-бап

Тараптар бірлескен туристік өкілдіктерді ашу үшін қажетті күш-жігер жұмсайтын болады.

Өкілдіктердің ашылуы және қызметі екі елдің құзыретті органдары арасындағы уағдаластықтар негізінде және өкілеттік ашылатын елдің заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

9-бап

Тараптар туризм түрлерінің бірі ретінде тарихи Жібек Жолы маркетингі мәселесі бойынша ынтымақтасатын болады және Жібек Жолы бойынша халықаралық деңгейде қызметтердің барлық түрлерінен бір-біріне қолдау көрсететін болады.

10-бап

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімді қолдану жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыру, шешімдерді іске асыру және оларды қабылдау үшін ұсыныстар мен бағдарламаларды әзірлеу мақсатында Туризм жөніндегі бірлескен комиссияны құрады.

Бірлескен Комиссияның мәжілістері екі жылда бір рет дипломатиялық арналар арқылы келісілген және қолайлы мерзімдерде елдердің әрқайсысында алма-кезек өткізілетін болады. Қажет болған жағдайда екі Тараптың уағдаласуы бойынша Бірлескен Комиссия мерзімінен бұрын шақырылуы мүмкін.

11-бап

Туризм саласындағы құзыретті органдар болып табылатындар: Қазақстан Республикасында - Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті; Түрік Республикасында - Туризм министрлігі.

12-бап

Алматы қаласында 1992 жылғы қазанның 8-інде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм

саласындағы ынтымақтастық туралы келісім осы Келісім күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

13-бап

Осы Келісім тараптардың қажетті заңды процедураларының жасалынып біткені жайлы бір-біріне соңғы білдірген күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін 5 жыл қолданыста болады және егер Келісімнің қолданысы мерзімінің аяқталуына дейін кем дегенде алты ай бұрын Тараптардың бірде-бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтату тілегі туралы дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабарламайтын болса осы Келісім келесі бес жылдық мерзімге өздігінен ұзартылды деп есептелетін болады.

Осы Келісімге Анкара қаласында 1998 жылы 15 маусымда екі дана болып, әрқайсысы қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде қол қойылады және де барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түрік Республикасының

Үкіметі үшін